



# Ақ-Ниет ВОЛОНТЕРЛЫҚ ҰЙЫМЫ

2024-2025 жыл өткізілген  
іс-шаралар



# Ұйымдар жәрмеңкесі- 7 қыркүйек

7 қыркүйекте Акниет волонтер ұйымы өзінің жәрмеңкесін ұйымдастырды. Бұл іс-шара ұйымымыздың мақсаттары мен қызметтерін таныстыру, сондай-ақ жаңа мүшелерді қабылдау мақсатында өткізілді. Жәрмеңке барысында бірінші курс студенттері біздің ұйымымыз туралы толық ақпарат алып, өткен жобаларымызбен танысты. Сонымен қатар, ұйымдастырушы топтың мүшелері өз тәжірибелерімен бөлісіп, волонтер болудың артықшылықтарын түсіндірді.





# Семей қала күніне орай өткізілген іс-шарада волонтерлық қызмет атқарды -17 қыркүйек

● 17.09.24

Қала күніне орай өткізілген үлкен іс-шарада волонтерлық қызмет атқарған болатынбыз.

Осы іс шара аясында біздің еріктілеріміз жиналған қала тұрғындар, қонақтарымен, балалармен жақсы қарым қатынаста жұмыс жасап, керемет көңіл күй сыйлауға барынша күш салысты.






# Қайырымдылық концерті

- "Ақ Ниет" волонтерлер ұйымының белсенділері, өз бастамасымен, көмекке мұқтаж жерлесіміз - тумасынан сирек кездесетін сырқатқа шалдыққан Қалибеков Ерасыл есімді бүлдіршінге қолдау көрсетуге бағытталған қайырымдылық концертін ұйымдастырды.
- Концертке "Ақ Ниет" жастарымен қатар, Семей медицина университетінің "Қазақстан Медицина жастары" ұйымы мен Мұхтар Әуезов атындағы педагогикалық колледж студенттері ат салысты.







# Жақсылық жасауға асық бол!


Адамдардың ең қайырлысы-  
адамдарға ең көп пайдасы тигені”  
демекші **@qazmed\_smu** және  
Әлихан Бөкейхан университетінің  
белсенді ұйымдары жиналып  
Ерасылға кішкене болсын көмек  
көрсету мақсатында 250 мың теңге  
қолемінде қаражат жинаған  
болатын







# Арнур Қайнарұлының шынайы оқиғаға сүйенген "Жизнь после..." фильмі көрсетілімі-23 қыркүйек



Жұмыс барысында бізге түрлі міндеттер жүктеліп, ұйымдастыру іс-шараларына қатысу мүмкіндігі туды. Фильмнің көрсетілімін өткізу, қонақтарды қарсы алу, ақпараттық стендтерді дайындау сынды жұмыстардың бәрінде біз волонтер ретінде белсенді ат салыстық.





Қалалық мәдениет үйінде өткен **Semey Jaidarman** ойынында волонтерлық қызмет атқарды-22 қазан





✓ Республика  
күніне орай  
ұйымдастырыл  
ған куиззге  
белсене  
қатысты-23  
қазан





**Мұхтар Әуезов атындағы педагогикалық колледжінде «Ұшқын жас ақындар» әдебиет байқауында волонтерлық қызмет атқарды-24 қазан**








# Патруль сериялының Семейдегі түсірілімінде волонтерлық қызмет атқарды:

9-11 қазан аралығы

Бұл іс-шараға қатысу біздің волонтерлерімізге кино өндірісі мен мәдениет саласындағы тәжірибе жинауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, біз түсірілім алаңында жаңа байланыстар орнатып, өзімізді түрлі ортада сынап көрдік.








Бибігүл Оспанова  
атты жалғыз басты  
апаға өз  
сұранысымен  
ауласын тазалауға  
көмек қолын  
созды-16 қазан.


"Жақсылық жасаудан жалықпа,  
әрбір кішкене көмегің үлкен бақыт  
әкеледі."

Бұл істің мәні – тек қана аула  
тазалығы емес, сондай-ақ,  
адамның жүрегіне **жылулық**  
сыйлау. Біз бұл жұмысымыз  
арқылы тек физикалық  
тазалықты ғана емес, сондай-ақ  
адамға деген **қамқорлықты,**  
**мейірімділікті** де көрсетуге  
тырыстық.





# Республика күніне орай еріктілер сұхбат берді- 25 қазан







# Семей футбол клубының ресми волонтер атағын алды. Әр ай сайын матчтарда волонтерлық қызмет атқарды-3 қараша





# «Qazaqstan Medisina Jastyary» мен «Ақниет» волонтерлық ұйымы бірігіп еріктілерден алғашқы көмек тренингін өткізді-20 қараша.


Бұл іс-шараның мақсаты – волонтерлер мен студенттерге төтенше жағдайларда жылдам әрі дұрыс әрекет ету дағдыларын үйрету болды.

Тренинг барысында медицина университетінің тәжірибелі мамандары алғашқы көмек көрсету бойынша нақты кеңестер беріп, әртүрлі жағдайларда қалай әрекет ету керектігін көрсетті.





«Ұлттық волонтерлық желі» заңды тұлғалармен бірлестігімен ұйымдастырылған «Волонтерлық негіздері» тренингі белсене қатысты-25 қараша







# «Сенің жетістігің бүгіннен басталады» атты 10-11 сынып оқушылары үшін 2 күндік мотивациялық тренинг өткізді-29-30 қараша



Бұл шараның мақсаты – жастарға мотивация беру, олардың өзін-өзі дамытуға деген ынтасын арттыру және өмірдегі үлкен мақсаттарға жету жолында күш-жігерін бағыттау болды.





**Алихан Бокейхан Университетінің** ағымдағы оқу жылындағы алғашқы жарты жылдығының қорытындысын шығарды. Облыстық филармония сахнасында өткен салтанатты шарада университеттің жастар ұйымдарының парады мен университет жастар белсенділерінің өткізген жұмыстарының көрмесі өтті.



**Шара** барысында университет басшылығының атынан белсенді студенттерге университет өміріне белсене қатысқандары үшін алғыс хаттар табыс етілді.

**Салтанатты** кеш жастар ұйымдарының белсенділері ұйымдастырған мерекелік концерттік бағдарламамен жалғасты.





# "BRILLIANT FASHION DAY 2024"

Республикалық сұлулық және талант фестивалінде Ақ-Ніет және Семей жастар орталығының волонтерларымен бірге қызмет атқарды-21 желтоқсан





# Қайырымдылық әлемді құтқарады тақырыбында сұхбат берді

**Семей ТВ** арнасы ұйым басшыларын арнайы шақырды. Ұйымның осы уақытқа дейін жеткен жетістіктерімен бөлісе отырып болашаққа қойған жоспарлар мен мақсаттар туралы бөлісе кетті

